

Жаңа Бұқтырма кентіндегі телефон канализациясын орналастыру және пайдалану үшін жер теліміне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кенті әкімінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 7612 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабына 2) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кентінің әкімі ШЕШТІ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының Жаңа Бұқтырма кентінде орналасқан телефон канализациясын орналастыру және пайдалану үшін "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алмай, жалпы алаңы 0,1505 га жер учаскелерін 10 жылдық мерзімге 2030 жылдың 31 желтоқсанға дейін шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. "Алтай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қазақтелеком" акционерлік қоғамымен шарт жасасын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Карибаев

Жаңа Бұқтырма кентінің әкімі
2020 жылғы 30 қыркүйегі
№ 2 шешімге қосымша

№	Жер телімнің орналасқан жері	Жер телімнің ауданы, га
1	2	3

1	№ 7 шағын аудандағы № 27 үйден, № 4 шағын аудандағы мешіттің жанында, полиция бөлімшесінен, үйлердің артында № 21, 20, 19, 14 шағын ауданы, № 5 шағын ауданы, № 7, 8 шағын ауданы, Заводская көшесі	0,0973
2	№ 2 шағын аудандағы № 9 үйден Самал көшесімен Анатолий Косой көшесінің қиылысына дейін	0,0532

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ